

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

Өсімдіктер әлемі

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.09.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/80834/>

Сабақ: Қазақ тілі	Мектеп: №49орта мектеп	
Күні: 19.11.19	Мұғалім: Дәрібаева Жансая	
Сынып: 5	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	Өсімдіктер әлемі	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	5.04. Ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру болжау 5.ӘТНЗ.Омолним,антоним,синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану	
Сабақтың мақсаты:	Тірек сөздер арқылы тақырыпты болжайды. Мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын анықтайды.	
Сабақтың түрі:	Жаңа материалды меңгерту	
Ресурстар	Қазақ тілі оқулығы, Алматы «Атамұра» баспасы 2017ж	
Дескриптор	Синонимдер мен антонимдерді орынды қолдану.	
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну, қолдану, бағалау	
Тілдік мақсаттар:	Дәйексөз, диалог, тұспалдау, деталь, суреттеу, дикция, т.б.	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, география	
Қажетті құрал-жабдықтар	Оқулық, интерактивті тақта	
Оқыту әдістері	Сөздік, «Төрт қадам», «Сөздер сыры», «Жапондық бағалау», «ВЕРР», «Сиқырлы сөздер».	
Дереккөздері	Әдістемелік құрал, дидактикалық материалдар.	

Жоспар

Сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:			
Жоспарланған уақыт:	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:	Дереккөздер/Ресурстар

Сабақтың басы 15 минут	Ұйымдастыру кезеңі: Мұғалім оқушылармен амандасып, сабаққа дайындықтарын тексереді. Оқушыларды түгендейді. Үй тапсырмасын тексеру: «Төрт қадам» стратегиясы. Омония, синоним, антоним, көп мағыналы сөздердің ережелерін сұрап, 5 мысал оқыту. Топқа бөлу: «Әрбір үшінші оқушы» әдісі арқылы. Әрбір үшінші оқушы арқылы саналып, үш топқа отырады.	Мұғаліммен амандасып, оқу құралдарын шығарып, сыныптың тазалығына назар аударады. Төрт ережені қайталап, мысалдарын оқиды. Оқушылар саналып, үш топқа бөлінеді.	
----------------------------------	--	---	--

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Ой түрткі</p> <ul style="list-style-type: none"> • Өсімдіктердің қандай түрлері бар? • Адамдар өсімдіктерді не үшін пайдаланады? <p>1-тапсырма. «Сөздер сыры» әдісі. Оқушыларға тірек сөздер беріліп, соған сәйкес сөйлемдер құрастырады. Өсімдік, дәрілік, астам, түрі, құрамы, шипалы, жабайы, пайдалану. <i>Дескриптор:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Тірек сөздер арқылы сөйлем құрастырады. • Өз ойларын анық жеткізеді. <p>ҚБ: «Отшашу» әдісі.</p> <p>2-тапсырма. «Кластер» арқылы. Әр топ өз мәтіндерін кластер құру арқылы баяндайды. «Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктер» I топ: «Дәрілік өсімдіктер» екіге бөлінеді. Бөлме және дала өсімдіктері. Бөлме өсімдіктері адамның көмегімен бөлмеде өседі, олар алуан түрлі. Қазақстанда өсетін алты мыңнан астам өсімдік түрінің бес жүздей түрі дәрілік өсімдіктерге жатады. II топ: Оны Рим дәрігері Гален өсімдіктерде шипалық қасиеттердің болуын олардың құрамындағы белгілі бір заттардың қасиетіне байланысты екенін анықтады. Ол сонымен бірге бұл заттарды қалай бөліп алуға болатынын көрсете отырып, тұңғыш рет науқастарды өсімдіктің шырынымен, ұнтағымен және одан жасалған дәрімен емдеді. III топ: Дәрілік өсімдіктер кептірілген шөп, тұнба, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні, көбінесе, жабайы өсімдіктерден алады. Көптеген өсімдіктердің емдік қасиеттері бар. Оларды дәрілік өсімдіктер дейді. ҚБ: «Бас бармақ» әдісі.</p> <p>3-тапсырма. «Сиқырлы сөздер» әдісі. Мәтінмен жұмыс. Сөздерді табу. I топ: Антоним II топ: Синоним III топ: Омоним ҚБ: «Смайлик» әдісі.</p> <p>4-тапсырма. Оқулықпен жұмыс. 65 бет. Түс жоруға қатысты сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздердің синонимін, антонимін тауып жаз. Түсінде көгершін көрсе, жағдайы жақсарады. Түсінде қараторғайды көрсе, қуанышқа кенеледі. Түсінде үйрек көрсе, мұқтаждықтан құтылады.</p> <p>5-тапсырма. «Өсімдіктер әлемі» тақырыбында омоним, синоним, антоним сөздерді қатыстырып, эссе жазу.</p>	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, жаңа материалды түсінеді. Дәрілік, емдік, бөлмелік. Ауырған кезде ұнтағын шай ретінде пайдаланады.</p> <p>Өсімдіктердің – шипалы әрі дәрілік қасиеті бар. Оларды түріне қарай дұрыс пайдалану керек.</p> <p>Мәтін оқылады.</p> <p>I топ: жабайы – сыпайы. II топ: шипалы, емдік, дәрілік. III топ: бар.</p> <p>Жағдайы жақсарды – бақытқа кенелді, жағдайы төмендеді. Қуанышқа кенелді – мұқтаж болды.</p> <p>Өсімдіктер әлемі өте ғажап. Себебі, олардың көптеген түрлері бар.</p>	<p>Кітап, презентация</p> <p>Парақтар</p> <p>Ақ қағаздар.</p> <p>Оқулық.</p> <p>Ақ парақтар.</p> <p>Оқулық.</p>
-------------------------------	--	---	---

Сабақтың соңы 5 минут	Бағалау. «Жапондық бағалау» әдісі. Үй тапсырмасы: «Өсімдіктер әлемі» тақырыбында омоним, синоним, антоним сөздерді қатыстырып, эссе жазу. Кері байланыс: «ВЕЕР» әдісі Қағазды веер пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне сабақтан алған әсерін жазады, қалған оқушылар жалғасытарды.	Бағалау жүргізеді. Үй тапсырмасын жазып алады. Кері байланыс жүргізіледі.	Үлестірмелі қағаздар. Оқулық. Қағаз.
---------------------------------	--	---	--

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.